

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 тамыздағы № 886 қаулысы

«2014 – 2016 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» 2013 жылғы 3 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына, «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы № 220 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігіне Қарағанды облысының әкімдігіне аудару үшін «Шахтинск ЖЭО» акционерлік қоғамының жұмыс істеп тұрған күл үйіндісінің бөгетін ұлғайту жөніндегі жобаны іске асыру үшін 2014 жылға арналған республикалық бюджетте шұғыл шығындарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен нысаналы даму трансферттері түрінде 238780960 (екі жүз отыз сегіз миллион жеті жүз сексен мың тоғыз жүз алпыс) теңге сомасында ақшалай қаражат б ө л і н с і н .

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 26.09.2014 № 1028 қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі К. Мәсімов